

**«6D020700 – Аударма ісі» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған
Алтынбаева Айгүл Ерболатқызының «Мағжан Жұмабаев поэзиясының үш тілдегі (түрік, орыс, ағылшын) аудармаларының
лингвомәдени аспектісі» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің**

СЫН-ПІКІРІ

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	Аталмыш диссертациялық жұмыстың тақырыбы мен мазмұны еліміз тәуелсіздік алғаннан бері ұлттың рухани дамуының басты қағидаттары мен бағыттарын айқындайтын тұжырымдамалармен тығыз байланысты. Атап айтқанда, Қазақстан Республикасы Президентінің егемендік ала салысымен араға көп уақыт салмай, 1996 жылғы 15 шілдедегі N 3058 өкімімен мақұлданған «Қазақстан Республикасында мәдени-этникалық білім беру» тұжырымдамасы Тұжырымдамаға сәйкес халықтың этникалық-мәдени сәйкестілігі өз тарихында, мәдениетінде болған оқиғаларды білу, қалыптасқан рухани құндылықтарға адалдық, ұлт қаһармандарын қастерлеу нәтижесінде құрылады делінді. Білім берудің тағы бір талабы - өзге мәдениетті түсіну және қабылдай білу. Мәдениеттердің өзара байланысы, бір-біріне ықпалдастығы жағдайында ғана әрбір жекелеген мәдениеттің принциптері мен ерекшеліктері айқын танылады. Этникалық-мәдени білім - бұл ана тілі мен төл мәдениетті әлемдік мәдениеттің құндылықтарын қоса игеру арқылы тұлғаның этникалық-мәдени сәйкестілігін сақтауға бағытталған білім. Этникалық-мәдени білім идеясын қабылдау - мәдени және лингвистикалық плюрализм идеясына негізделген, білімді техникалық және ақпараттық жағынан байытудың әлемдік деңгейін дәстүрлі мәдени құндылықтармен үйлестіретін оқыту мен тәрбиелеудің ұлттық жүйесін құруды білдіреді. Тұлғаның өзінің төл мәдениетіне сай болуына және өзге мәдениеттерді игеруіне, мәдениеттер алмасуына, олардың бірін-бірі байытуына бағдар ұстау. Көп тілді жеке адамды қалыптастыру. Жан-жақты мәдениетті тұлға - кемел лингвистикалық сана иесі. Ана тілі мен мемлекеттік тілді білу, шетел тілдерімен мәдениетін үйрену тұлғаның дүниетанымын кеңейтеді, оның сан қырлы дамуына жол ашады, сабырлылық пен дүниені байыпты және кең ауқымда тану дағдысын қалыптастыруға жәрдемдеседі. Тарихты зерттеуде мәдениет тарихы айрықша орын алуға тиіс. Егер ол өнер тарихы ретінде, дүниежүзілік және ұлттық философия тарихы, дәстүрлер мен гұрыптар тарихы, ұлттық киімі мен сән-салтанат, т.б. тарихы ретінде

			<p>оқытылса, онда ұлттық және дүниежүзілік мәдениетті қастерлейтін және білетін сан қырлы рухани жетілген тұлғаны тәрбиелеуге өріс ашады. Осы түйіндердің барлығы зерттеу жұмысының өзектілігі, мәнімен үндесіп жатыр. Мағжан ақын поэзиясының үш тілдегі аудармаларының лингвомәдени аспектіде қарастырылуы тіларалық, мәдениетаралық ұқсастықтар мен өзгешеліктерді анықтау арқылы этникалық-мәдени білім идеясының дамуына үлесін қосады. 1997 жылдан бастап «31 мамыр – Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні» болып ресми бекітілді. Сталиндік репрессияның құрбаны болып, өмірінің көп бөлігін қуғын-сүргінде өткізсе де, артына бай әдеби мұра қалдырған біртуар, символист, жаңашыл әрі патриот ақын Мағжан Жұмабайұлының қазақ ұлттық әдебиетінде алатын орны зор. Ақын шығармашылығын қай тұрғыдан болмасын зерттеу көксікесті. Жалпы, диссертациялық еңбектің тақырып аясы «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру», «Мәдени мұра», «Мәңгілік ел» жалпыұлттық идеяларымен астасып жатқаны сөзсіз.</p>
		<p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы) 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)</p>	<p>А.Е. Алпысбаеваның диссертациясы жалпы ғылыми және жалпы мемлекеттік бағдарламалармен тығыз үндестігі, тығыз байланысы айқындалған зерттеу. Жалпы, «Гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі, қолданбалы, пәнаралық зерттеулер: Тарих пен мәдениеттің, әдебиет пен тілдің, дәстүрлер мен құндылықтардың ортақтығы» зерттеу бағытына сай.</p>
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	<p>Аса көкейкесті тақырыпқа жазылған зерттеу жұмысы ғылымға елеулі үлес қосады. М. Жұмабаев поэзиясының аудармаларының әлемдік маңызы жоғары ағылшын тіліне, туыстас түрік және еліміздегі ұлтаралық орыс тіліне аударылуының лингвомәдени аспектіде зерделенуі отандық аударматану теориясы мен практикасындағы жаңа жетістік деп атауға болады. Жұмыстың теориялық негізін құраған пайымдаулар, талдауға түскен тілдік материалдар мен жасалынған қорытындылар, құрастырылған сөздік, тікелей аудармашылардан алынған сұхбат нәтижелері аудармашы лабораториясының негізін қалап, қазіргі уақытта ауадай қажет білікті ұлттық аудармашылар легін қалыптастыру үрдісіне үлкен септігін тигізеді, отандық көркем аударма дискурсын ғылыми негізделген, тың пайымдаулармен толықтырады.</p>

3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	Дәйекті, дербес жазылған диссертанттың жұмысының жазу деңгейі жоғары. Жазу деңгейінің жоғарылығы түйінделген ғылыми нәтижелерінде, қорытындылары мен тұжырымдарының жанашылдық сипатында.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	Ішкі бірлігі заңды түрде сақталған диссертация. Қазақстанда аударматану әлі де ғылыми негіздеуді, дискурсты дамытуды талап ететін жас, буыны қатпаған ғылымдардың бірі болып табылады. Сол себепті отандық аударматану саласына үлесін қосатын жүйелі зерттеулер аса қажет. Осы тұрғыдан алғанда ізденушінің диссертациялық жұмысының тақырыбы өте өзекті. Қазақ әдебиетінің ең жарық жұлдызы, әрі трагедиялық тұлғасы, поэзиясы ұлттық рухты паш ететін М. Жұмабаев мұрасының өзге тілдерге аударылуын жүйелі зерттеу, талдау қай тұрғыдан алғанда да маңызды. Мұндай зерттеулер қазіргі аударма деңгейін анықтап, келешекте жасалатын аударма сапаларын арттыруға себепші болады. Ақын бойындағы ұлттық рухты, қазақы менталитет, халықтың рухани-адамгершілік құндылықтарын, тұрмыс-тіршілік ерекшелігін, заманының әлеуметтік-саяси тынысын жеткізуде аса бай көркемдік тілдік өрнектерді қолданады. Оның аудармада көрініс табуы жүйелі талдау мен зерттеуді қажет етеді. А.Алпысбаеваның диссертациясында зерттеу барысында алынған ғылыми нәтижелерінің ішкі бірлігі сақталған. Алынған нәтижелер бір-бірімен буынды байланыста жүйелі бірлікте қарастырылып, өзара сабақтастық сипаттарын берік сақтаған.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды 1) айқындайды; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды	Зерттеу нысанасына алынған проблеманы бір жүйеде игере алған, негізгі мақсат-міндетін ашу барысындағы өз пікірін танымды талдаулармен дәлелдеген ізденушінің диссертациясының мазмұны тақырыбын толық ашады. Мәдени лексиканы аудару теориясы мен тәжірибесінен атты бөлімде мәдени лексиканың анықтамасы мен классификациясы сараланып, жалпы аударматану ғылымының даму жолындағы мәдени ақпаратты аударуға қатысты тенденциялар, мәдени лексиканы аудару техникасы мен стратегиялары қарастырылады. М. Жұмабаев поэзиясындағы мәдени лексиканың классификациясы және функционалдық ерекшеліктері атты бөлімде ақын поэзиясынан іріктеліп алынған мәдени лексиканың классификациясы, атқарып тұрған қызметі мен мәдени мәнмәтіндегі ерекшеліктері қарастырылып, тілдік материалдардың аудармасын талдау алдындағы дайындық кезеңі орын алады. Мағжан Жұмабаев поэзиясы және оның орыс, түрік, ағылшын тілдеріндегі аудармаларын лингвомәдени мәнмәтінде салғастырмалы талдау бөлімінде ақын өлеңдеріндегі реалия сөздер мен ұлттық

		<p>нақыштағы қаратпа сөздердің орыс, түрік, ағылшын тілдеріне аударылу ерекшеліктері талданып, доместикациялану және форенизациялану деңгейлері анықталады. Бұл зерттеудің тиісті ғылыми-теориялық проблемаларды шешуге арналған әр тарауының өзіндік орындары бар. Олар негізгі мақсатқа қызмет ете отырып, ішкі органикалық сабақтастыққа бағына отырып, әрқайсысы күрделі мәселені айқындауға арналған.</p>
	<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді</p>	<p>Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді және оны толық ашады. Ізденуші М. Жұмабаев поэзиясындағы мәдени лексиканың, атап айтқанда реалиялар мен ұлттық нақыштағы қаратпа сөздердің жергілікті ресми орыс тіліне, туыстас түрік тілі және жаһандық ағылшын тілдеріне аударылу ерекшеліктерін, доместикациялану және форенизациялану деңгейін анықтауды мақсат етеді. Осы мақсатқа сай мәдени лексиканы аудару тенденциялары мен қағидаттарын анықтауды, лингвомәдени және мәтіннің этномәдени феноменін түсіндіретін зерттеулердің өзектілігін көрсетуді, Мағжан ақын поэзиясындағы реалиялар мен ұлттық нақыштағы қаратпа сөздерді іріктеп, жіктеу, лингвомәдени мәнмәтінде интерпретациялап, олардың үш тілдегі аудармаларындағы сипатын, мақсатты мәдениетке бейімделу деңгейі мен себептерін, орын алған трансформация жолдары мен стратегияларын анықтау тәрізді міндеттер қояды. Зерттеу нысанасына алынған проблеманы бір жүйеде игере алғанын, негізгі мақсат-міндетін ашу барысында өз пікірін танымды талдаулармен дәлелдегенін байқаймыз.</p>
	<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан: 1) толық байланысқан; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық толық байланысқан. Ізденуші жұмыстың мақсат-міндеттеріне сай сатылы түрде теориядан практикаға өтеді. Қол жеткізілген нәтижелердің бір-бірін толықтыра отырып түйінделу сипаты, өзара құрылымдық сабақтастығы ізденушінің тақырыптан ауытқымай, жүйелі түрде дамытқан ғылыми пайымдаулары еңбектің табысынан саналады. Диссертацияның барлық бөлімдері, тараулар соңы зерттеу нәтижесінде сабақтастырлған ой қорытындыларымен түйінделіп отырған.</p>
	<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) сыни талдау бар; 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың</p>	<p>Диссертацияда әрбір нәтиженің негізделуі мен дәйектелуі Алпысбаева жасаған қорытындының орнықтылығын, сыни талдаудың дұрыстылығына қарайды. Диссертацияның теориялық тұжырымдары жалпы тіл біліміндегі, аударматанудағы зерттеулерге сүйене отырып жазылған. Жалпы, ізденуші тақырыбы бойынша ғылыми-әдістемелік еңбектердегі тұжырымдар мен қағидаларды ескере отырып, негізделген дәлелді тұжырымдар жасаған. Әрбір өлең өрімінің көтерген жүгі мен</p>

5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>сілтемелеріне негізделген</p> <p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа; 2) <u>жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</u> 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p> <p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жанаемес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>мензер ойын тереңдей танып, жан-жақты қарастырған.</p> <p>Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар толығымен жаңа. Зерттеу жаңалығына диссертациялық жұмыста көтеріліп отырған М. Жұмабаев поэзиясындағы лингвомәдени лексиканы құрайтын реалия-сөздер мен ұлттық нақыштағы қаратпа сөздердің алғаш рет түрік, орыс, ағылшын аудармаларында талдануы; М. Жұмабаевтың поэтикалық мәтінінің лингвомәдени ерекшеліктерін алғаш рет түрік, орыс, ағылшын аудармаларында лингвистикалық аспектіде қарастырылуы; түпнұсқа және аударма мәтіндеріне салыстырмалы-салғастырмалы талдау жасау арқылы төрт түрлі мәдениетке қатысты универсалий ұғымдардың анықталуыалғаш нақты мысалдармен дәйектелген; аударма талдауымен қатар аудармашымен сұхбат кезіндегі комментарийлері арқылы аудармашы лабораториясының, тұлғасының аталған аудармаға байланысты зерттелуі; алғаш рет аудармашы Т. Кожаоглудың ағылшын тіліндегі алғашқы аудармалары, Мағжанды түрік тіліне тәржімалаған Ф. Тамирдің жинаққа кірмеген, өз қолымен ұсынған өлеңдерінің аудармаларының қарастырылуы; зерттеу қорытындысы ретінде алғаш рет ақынның поэзиясында кездесетін мәдени лексика іріктеліп, жүйеленіп, «М. Жұмабаев поэзиясындағы мәдени лексиканың үш тілді иллюстративті (түсіндірмелі) аударма сөздігі» атты еңбектің құрастырылуы жатады.</p> <p>Диссертациялық жұмыстың қорытындылары толығымен жаңа болып табылады. Көркем поэтикалық аудармадағы туынды жазылған уақыттың рухын, ұлттық мәдени реңкті сақтау мәселесі жайындағы бірінші тұжырым аударматану дискурсында үнемі талқыланып, ізденуші бұл сұрақтың қарастырылуының эволюциялық жолын шетелдік, ресейлік авторлардың еңбектерінен бастап, осы күнге дейінгі отандық авторларға дейін атап көрсетеді. Қазақ аударматану ғылымында форенизация және доместикация деп терминмен аталмаса да, аударма мәтінінің мақсатты аудиторияға сай бейімделуіне қатысты ой-тұжырымдардың болғандығын көрсетеді. Сол тұрғыдан алғанда ізденушінің теориялық тұжырымы тыңжәне жаңашылпайымдау.</p> <p>- М. Жұмабаев поэзиясындағы мәдени лексика материалдық және рухани мәдениетке, уақыт пен кеңістіктік мәнмәтінге қатыстылығы тұрғысынан алғаш рет жүйелі түрде іріктеліп, жіктелген, ұлттық нақыштағы қаратпа сөздер де ажыратылып, классификацияланған, этнолингвистикалық және этнографиялық сөздіктер көмегімен дербес және контекстуалды түрде интерпретацияланған. Бұл әрине жаңа жетістік. Сондай-ақ ізденуші мәдени лексиканың ақын поэзиясында</p>
----	----------------------------	---	--

			<p>атқарып тұрған функционалды стилистикалық қызметін, көркемдік ерекшеліктерін анықтап, аударманы талдау алдындағы дайындықты түбегейлі жүргізген.</p> <p>- Ізденуші ақын поэзиясындағы реалия сөздер мен ұлттық нақыштағы қаратпа сөздердің үш тілдегі аудармаларын салыстырмалы-салғастырмалы, дескриптивті-контекстуалды түрде талдай келе, 132 беттен тұратын «М. Жұмабаев поэзиясындағы лингвомәдени лексиканың үш тілді иллюстративті (түсіндірмелі) аударма сөздігін» жасайды. Қазақ әдебиеті ғылымында Абай тілінің сөздігі бар, ал Мағжан ақын тілі әлі сөздік болып шыға көйген жоқ. Бұл түсіндірмелі иллюстративті үш тілді аударма сөздігінде диссертант мәдени тіл бірлігіне қатысты барлық ақпаратты келтіреді: этнографиялық мәні, ақынның қай өлеңінде қанша рет қолданыс тапқан; орыс, түрік және ағылшын тіліндегі аудармаларында қалай және қанша рет көрініс тапқан; заманауи сөздіктерде бұл сөз қалай аударылған; сондай-ақ аударылып отырған халықтың ұлттық тілдік бейнесінде жоқ ұғымдарды транскрипциялап, сол тілде түсіндірмесін ұсынған. Түрік, ағылшын тілдеріндегі аударма мәселелері жайында аудармашылардың өздерімен кеңесіп, жұмыс жасайды. Бұл сөздіктің нәтижесі де сөзсіз жаңа жетістік.</p> <p>- Практикалық бөлімде диссертант шетелдік аударматану тәжірибесінде қалыптасқан мәдени лексиканы аудару барысында форенизациялану және доместиациялану деңгейін анықтау үшін қолданылатын континуум формуланы қолданып, Мағжан ақын поэзиясының аудармаларындағы бұл екі стратегияның арақатынасын сапалық және сандық деңгейде анықтайды. Ақын поэзиясының үш тілдік аудармасы аясында осы іспетті талдау алғаш рет орын алып отыр.</p>
		<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Диссертациялық жұмыста ұсынылған барлық шешімдер жаңа және аударматанудағы пайымдалған ғылыми-теориялық тұжырымдар мен дәлелді салыстырмалы талдаумен негізделген.</p>
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	Диссертацияда көрініс тапқан ғылыми нәтижелердің, тұжырымдар мен қорытындылардың негізделуі мен шынайылығын ізденуші аудармадағы лингвомәдени аспекті мәселесіне қатысты кең ауқымды теориялық еңбектерге, салааралық деңгейдегі нақты тәжірибелік, қолданбалы зерттеулерге сүйенгендігінен, бүгінгі күн талабына сай кешенді талдау ыңғайын тиімді пайдаланғандығынан байқауға болады. Зерттеушінің

			барлық негізгі қорытындылары ғылыми тұрғыдан сенімді дәлелдемелерге негізделген.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	<p>Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> <p>1) дәлелденді;</p> <p>2) шамамен дәлелденді;</p> <p>3) шамамен дәлелденбеді;</p> <p>4) дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) кең</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p>	<p><u>1-қағидат.</u> Поэтикалық аудармада өзіндік ерекшеліктерімен қатар, түпнұсқадағы ұлттық мәдени ренкті, туынды жазылған уақыттың рухын сақтау тәрізді мәселелердің өзектілігі анықталған. Кез келген көркем туындыдағы мәдени лексикалық бірліктердің аудармасы - белгілі бір тілдік құрылымдардың басқа тілге ауысуы ғана емес, сонымен бірге ұлттық тілде халықтың рухани мәдениетінің қайнар көзі ретінде көрінетін фондық білімді ескере отырып, лексиканың осы қабатының мазмұнын жеткізудің күрделі процесі болып табылады.</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденген (1)</p> <p>7.2 Тривиалды емес (2)</p> <p>7.3 Ия, жаңа (1)</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі кең (3)</p> <p>7.5 Ия. А.Е. Alpysbayeva, S.A. Ashymhanova. Translation of the Culture-Specific Items in Jumabayev's "Men Jastarğa Senemin" into English and Russian. // International Journal of Society, Culture and Language. Iran. Online ISSN: 2329-2210. Volume & Issue: Volume 9, 2 (Themed Issue on Modern Realities of National Languages of CIS Countries), Summer and Autumn 2021 (Скопус базасына енетін). – 19-27 pp.(1)</p> <p><u>2-қағидат.</u> Ақын поэзиясындағы қолданылған барлық ұлттық накыштағы сөздерді іріктеп, жүйелегеннен кейін, бұл сөздерден жалпы қазақ даласының, тұрмысының, дүниетанымының ұлан-ғайыр портретін көруге болады. Қазақ шаруашылығы, қоғамы, тұрмысы, әлеуметтік өмірі, дүниетанымы, отбасылық институт, әкімшілік бөлінісі, діні, салты, табиғаты түгелімен көрініс тапқан. Олардың ішінде тарихи сөздер мен архаизмдер, әлі де белсенді қолданыстағы сөздер бар; мәдени коннотацияларын сақтап қалған немесе уақыт өте келе қосымша мағыналық қабатқа ие болған, иә жоғалтқандары да бар (мысалы, <i>қатын</i>, <i>батыр</i> сөздері). Тура және ауыспалы мағыналарында, көркем образ жасауда қолданылған. Бұл аудармашының жұмысын одан әрі қиындата түседі.</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденген (1)</p> <p>7.2 Тривиалды емес (2)</p> <p>7.3 Ия, жаңа (1)</p>

		<p>7.4 Қолдану деңгейі кең (3) 7.5 Ия. А.Е. Alpysbayeva, S.A. Ashymhanova, G. Mehmet. Translation of the culture-bearing symbolism of animals in the poem "Turkestan" of MagzhanZhumbabayev (Turkish, Russian and English languages). // ҚазҰУ Хабаршысы. Филологиялық серия. №2 (174) 2019. – 252-257 бб. (1)</p> <p><u>3-қағидат.</u> Мағжан ақын поэзиясындағы реалиялар мен ұлттық нақыштағы қаратпа сөздердің аударма мәтінінде форенизациялану және доместикациялану деңгейін зерттеу пәні ретінде саралай келе үш тілдегі аудармада да мәдени лексиканы доместикациялау стратегиясының басымдылығы анықталған. Доместикациялау стратегиясының доминанттылығы аударма мәтінінің күрделі мазмұндық модификациясына себеп болмағанымен, ұлттық нақыш пен коннотация бояуының әлсіреуіне себепші болғандығы расталады.</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденген (1) 7.2 Тривиалды емес (2) 7.3 Ия, жаңа (1) 7.4 Қолдану деңгейі кең (3) 7.5 Ия. А.Е. Алпысбаева. М. Жұмабаев поэзиясындағы ұлттық нақыштағы қаратпа сөздердің аударылу ерекшеліктері (түрік, орыс, ағылшын тілдері). // ҚазҰУ Хабаршысы. Филологиялық серия. №3 (179) 2020. – 17-24 бб. (1)</p> <p><u>4-қағидат.</u> Дәйекті талдаудың нәтижесінде материалдық мәдениетке қатысты атаулар үш тілдегі аудармаларда мақсатты тіл мен мәдениетке бейімделгені анықталған. Ақын поэзиясындағы материалдық мәдениетке қатысты атаулар көшпелі өмір салты мен тұрмысы, ас мәзірі, қазақтың киіз үй жабдықтарын құрайды. Аудармашылар мақсатты мәдениеттің өмір сүру формасында, сәйкесінше ұлттың тілдік бейнесінде мұндай түсініктердің мүлдем жоқ болуынан мәдени тіл бірлігін тәржімалауда транскрипция амалына жүгініп, мәтіннен тыс қосымша түсіндірме беру арқылы тәржімалаған.</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденген (1) 7.2 Тривиалды емес (2) 7.3 Ия, жаңа (1) 7.4 Қолдану деңгейі кең (3) 7.5 Ия. А.Е. Алпысбаева. М. Жұмабаевтың «Алыстағы бауырыма» өлеңіндегі реалия сөздердің аударылу ерекшеліктері (түрік, орыс,</p>
--	--	---

			<p>ағылшын тілдері). // ҚазҰУ Хабаршысы. Филологиялық серия. №3 (175) 2019. – 198-203 бб. (1)</p> <p><u>5-қағида</u>. Түрік тілі мен қазақ тілінің туыстығына қарамастан, латын және кириллица қаріптеріне негізделгендіктен аудармада мәдени тіл бірлігінен еш өзгеріссіз бірден трансференциялау мүмкіндігі болмағандығы көрсетілген. Оның орнына транскрипция арқылы натурализациялау орын алған. Сондай-ақ, түрік тілінде орыс тілінен қарағанда мәдени тіл бірліктерінің мәнінен тыс түсіндірмелер арқылы тәржімалау жиірек көрініс тапқан. Себебі өркениеттердің даму формасының әртүрлілігіне байланысты көшпелі өмір салтына қатысты көптеген атаулар түрік халқына жат.</p> <p>7.1 Қағида дәлелденген (1) 7.2 Тривиалды емес (2) 7.3 Ия, жаңа (1) 7.4 Қолдану деңгейі кең (3) 7.5 Ия. А.Е. Alpysbayeva, S.A. Ashymhanova. <i>Alystaғы байырма</i> in translation (Turkish,English): linguistic and cultural aspects. // Akdeniz Havzası ve Afrika Medeniyetleri Dergisi. Ankara Hacı Bayram Veli University. Cilt 2 / Sayı 2 / 2020 GÜZ. –174-179. (1)</p> <p><u>6-қағида</u>. Түпнұсқа мәтінді мазмұндық өзгерістерге ұшырататын семантикалық қателер үш тілде де өте сирек орын алғандығы айқындалды. Түпнұсқа мен аударылатын тілдердің этномәдени ерекшеліктеріне сай аудармашылардың да тілдік тұрғысынан лингвомәдени көрінісі аудармаға әсер еткен. Сол тұрғыдан аудармашылық қателіктердің рөлі тек жағымсыз емес, болашақ аудармашылардың қызметі үшін сабақ болатын оң тәжірибе ретінде қарастырылады.</p> <p>7.1 Қағида дәлелденген (1) 7.2 Тривиалды емес (2) 7.3 Ия, жаңа (1) 7.4 Қолдану деңгейі кең (3) 7.5 Ия. А.Е. Алпысбаева. Мағжан ақын поэзиясы алты құрлыққа жол тартты. Халықаралық ғылыми практикалық интернет конференцияның материалдары. Халықаралық білім және ғылым академиясы. 2019, Нур-Сұлтан. – 9-11 бб. (1)</p>
--	--	--	--

			<p><u>7-қағидат.</u>Салыстырмалы талдау нәтижесінде орыс, ағылшын тілдеріндегі аудармаларда аудармашылармен өте сирек кездесетін форенизациялау амалдары қолданылғандығы анықталған. Біріншісі, түпнұсқадағы мәдени элементті сол түпнұсқа тілдегі басқа бірімен аудару, екіншісі қосарлы форенизация амалы - белгі арқылы аудару + косу (қосымша, түсіндірме, сілтеме).</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденген (1) 7.2 Тривиалды емес (2) 7.3 Ия, жаңа (1) 7.4 Қолдану деңгейі кең (3) 7.5 Ия. А.Е. Alpysbayeva, S.A. Ashymhanova, G. Mehmet. Translation of the culture-bearing symbolism of animals in the poem “Turkestan” of MagzhanZhumabayev (Turkish, Russian and English languages). // ҚазҰУ Хабаршысы. Филологиялық серия. №2 (174) 2019. – 252-257 бб. (1)</p> <p><u>8-қағидат.</u>Түпнұсқа мен аудармасы қарастырылып отырған тілдер мен мәдениеттерге тән ортақ ұғымдар мен түсініктер бары анықталды. Діни реалияларға келгенде, түрік тіліне қатысты қазақ тіліндегі реалиялар эквивалентсіз лексика болуын тоқтататыны айқындалған.</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденген (1) 7.2 Тривиалды емес (2) 7.3 Ия, жаңа (1) 7.4 Қолдану деңгейі кең (3) 7.5 Ия. Диссертанттың зерттеу тақырыбы бойынша жазылған мақалаларының барлығында дерлік расталған (1)</p> <p><u>9-қағидат.</u>Алғаш рет ағылшын тіліне аударылып, М. Жұмабаевтың поэзиясы, әдеби мұрасы әлемдік әдебиеттің фактісі ретінде танылып, қарастырылады. Ақын мұрасының ағылшын тіліндегі аудармасының авторы Т. Кожоғлу аударманы «Мағжанды әлем танысын...» деген мақсатпен жасағанын және әлемдік қауымдастық әлі де ақынның шығармашылығын зерттей түсуі қажет дейді.</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденген (1) 7.2 Тривиалды емес (2) 7.3 Ия, жаңа (1) 7.4 Қолдану деңгейі кең (3) 7.5 Ия. А.Е. Алпысбаева. Мағжанды Шекспирдің тілінде сөйлеткен. // Ш. Уәлиханов атындағы КМУ Хабаршысы.Филологиялық серия. № 4 (1),</p>
--	--	--	--

			2020. – 315-322 бб. (1)
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) ия; 2) жоқ	Иә, әдістеменің таңдауы нақты жазылған. Жалпы әлемдік аударматану теориясында қалыптасқан мәдени лексиканы аудару тенденцияларын анықтау үшін жинақтау әдісі, М. Жұмабаев поэзиясындағы мәдени лексиканы анықтау үшін және топтастыру мақсатында идентификациялау, классификациялау әдістері, олардың контекстуалдық мәнін сипаттау үшін контент анализ, интерпретация әдістері, түрік, орыс және ағылшын тілдеріне аудару ерекшеліктерін көрсету мақсатында салыстырмалы талдау, жасалған талдауды реттеу мен жүйелеу мақсатында лингвостатистикалық әдістері қолданылған.
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) ия; 2) жоқ	Иә, диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған. Зерттеу нәтижесінде құрастырылған сөздік Microsoft Office бағдарламасының иллюстративті дизайндеу мүмкіндіктерін қолдана отырып жасалған.
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) ия; 2) жоқ	Иә. Мұндай эмпирикалық-аналитикалық талдау, әсіресе, ақынның туындыларының түпнұсқасы мен аударма варианттарын салыстыра қарастыру барысында жемісті нәтижеге ие болған. Зерттеу жұмысында теориялық қорытындылар, тұжырымдар және ұсыныстар нақты материалдарға, ғалымдардың пікіріне сүйене отырып дәлелденген және расталған.
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған	Диссертациялық жұмыстың теориялық, методологиялық негізі дұрыс. Зерттеу жұмысында көрсетілген маңызды мәлімдемелер сенімді және нақты. Ғылыми әдебиеттер сілтемелермен расталған. Ізденуші диссертациялық жұмыстың теориялық-методологиялық негіздерін қалыптастыруда тақырып бойынша фундаментальді еңбектерді кең көлемде қарастырған.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз	Аударматанудағы ғалымдардың теориялық еңбектерін жетекшілікке ала отырып, сондай-ақ отандық ғалымдарды да мұқият қарастырады. Тақырыпқа сәйкес пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті әрі нақты.
9	Практикалық	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар:	Паритетті өкілдіктегі докторлық диссертацияның теориялық маңызы бар.

	күндылық принципі	1) ия; 2) жоқ	Диссертацияда алынған нәтижелер аударма теориясы және практикасы, салыстырмалы әдебиеттану, салғастырмалы тіл білімі, лингвомәдениеттану салалалары бойынша теориялық мәселелерді шешуде ғылыми негіз бола алады.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия; 2) жоқ	Ия, зерттеу жұмысының практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары. Жазылған жұмыс практикалық тұрғыдан бағалы еңбек екені даусыз. Себебі жұмыс тұжырымдарын аударматану бойынша оқулықтар, оқу құралдары, әдістемелік нұсқаулықтарды жазу кезінде, «Аударматану», «Көркем аударма» тәрізді арнайы курстарда өтілетін дәрістер мен семинар сабақтарында пайдалануға болады. Сонымен қатар, талдау нәтижелері элективті курстарда көмекші құрал ретінде, құрастырылған сөздік болашақта Мағжан ақынның шығармашылығын аударамын деген аудармашыларға «Мағжантану» бағытында таптырылмас құнды дереккөз.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) толығымен жаңа; 2) жартылайжаңа (25-75% жаңаболыптабылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңаболыптабылады)	Практикалық ұсыныстар толығымен жаңа болып табылады, себебі отандық аударматану ғылымында М.Жұмабаев поэзиясының аудармасы кешенді ғылыми зерттеу нысанына алынбаған. Ақынның әдеби мұрасы басқа тілдерге қалай аударылып жатыр, қандай аудармашылық стратегиялар мен үрдістер орын алып, аудармашылар аударма барысында қандай қиындықтарды бастан кешіріп отыр деген сұрақтарға осыған дейін теориялық және практикалық ғылыми негізделген талдау нәтижесінде, дәлелденген жауаптар берілмеген. Ізденуші өзі де қорытындысында атап өткендей бұл жұмыс тек бастама болып табылады. Болашақта ары қарай ақын поэзиясының аудармалары жан-жақты қарастырылып, басқа да мәдени ақпарат көздері – фразеологизмдер, мақал-мәтелдерді, символдардың аудармадағы көрінісін, поэтикасын зерттеуге ұласуы қажет.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Диссертациялық жұмыс жоғары деңгейде, академиялық еңбектің стильдік талаптарына сай, техникалық ресімдеу нормаларын сақтай отырып жазылған еңбек.

Докторант Алпысбаева Айгүл Ерболатқызы «6D020700-Аударма ісі» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алуға лайықты орындалған жұмыс деп есептеймін.

Ресми рецензент:
«Г. Дәукееватындағы Алматы энергетика және байланыс университеті» КеАҚ,
Филология ғылымдарының кандидаты,
Тіл білімі кафедрасының доценті



Нурмаханова Маржан Калжановна

Қолтаңбаны растаймын
Подпись заверяю

Алпысбаева Айгүл Ерболатқызы К.А.
ҚЫЗМЕТІ аты-көні

« 26 » 01 2022 ж.